

№28 «Макташы» жалпы орта білім беретін мектебі КММ

Тексерілді:  ДТДЖО: М.Дүйсенов.



## «14-наурыз көрісу.Амал мерекесі»

атты тәрбие сағаты

Сынып : 8 Ә

Сынып жетекші: Асқарова F.

2023-2024 оқу жылы

## Тақырыбы: 14 – наурыз көрісу Амал мерекесі

**Мәссағаты:** Оқушыларды қазагымыздың салт — дәстүрлерінің бірі амал мерекесінің ерекшелігімен таныстыру және үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге сыйластыққа баулу.

Жүргізуі: Салеметсіз бе, құрметті ұстаздар, оқушылар! Бүгінгі наурыз мейрамына арналған 14 — Наурыз көрісу Амал мерекесі атты ашық тәрбие сағатымызды ашық деп жариялаймыз.

Бүгінгі Наурыз мейрамында екі мерекенің мазмұны қосарланып жүр: оның бірі қазақша — Жаңа жыл және Күн — Тұн теңесімі. Наурыз мерекесін 1988 жылғы ресми мейрамдауды бастағалы бұрынғы 14 наурызда «Амал» атауымен мейрамдалып келген жаңа жыл мерекесі Наурызben біріктірілді. Бір қызығы, қазақ наурызы 21 — 22 наурызда емес, 14 наурызда аталып келген және ол бейресми түрде елдің біраз өңірін қамтыған еді.

Көптен күткен Наурыз тойы арайлы,

Нұрға бөлеп міне жатыр маңайды

Мал біткеннің бал татыған уызы

Қуат болып қанымызғы тарайды.

Төрт түлік мал халқымыздың сүйері

Көңілімнің күмбірлеген күйі еді.

Наурыз мерекесіне арналған өлең шумақтары:

Бақберген, Ақниет, Балжан.

Құлақтан кіріл бойды алар, әсем әнмен тәтті күй

Көңілге түрлі ой салар, әнді сүйсөң менше сүй, демекші

Абуталиб Онғарды «Мереке» әнімен ортаға шақырамыз.

Ән: Назерке, Гулхумор «Ана — әке»

Көрініс: Амал кейбір түсіндірмелерге қарағанда “тоқты” немесе “тоқтының басы” болмаса “қой басының қасқасы” дегенді білдіретін, Тоқты шоқжұлдызындағы ең жарық жүлдіз болып табылады. Арабша “хамәл” – қозы деген сөз. Бұл сөзге ежелгі түркі танымы бойынша қарасак, ха+мал: “мал” сөзі ұсақ, уақ дегенді білдіреді, яғни бүгінгі қазақша “мал” сөзінің семантикалық мәні о баста “ұсақ мал” екенін үқтырып тұр. Шамасы, бұл араб тіліне енген ежелгі түркі сөзі болар.

— Ата, бір жасыңызбен!

— Бар бол, қарагым... Айналайын...

14 наурыз — Көрісу мейрамы. Көрісу күнінде халық қысташ аман — есен шыққанына қуаныш, бір — бірімен қол алысады. Таң сібірлеп атысымен, көрісу мерекесін асыға күтіп отырган әрбір отбасы алдын ала дайындалып қойған дастарханын жаяды. Міндегі түрде бауырсақ пісіріп, дастарханға тәтті — пәттісімен қосып үйіп қояды. Отбасының кішілері үлкендеріне қос қолын беріп, көрісіп шығады. Бір — біріне «Бір жасыңмен!» дейді. Ол «Бір жасқа есеюінмен! Осы жылға беріп, көрісіп шығады. Бір — біріне «Бір жасыңмен!» дейді. Содан кейін әр отбасы көршілерімен көріседі. Жасы аман — есен жетуінмен!» дегенді білдіреді. Содан кейін әр отбасы мүшелері жасы үлкен жанұяларға кіріп, көрісіп шығады. Міндегі түрде әр адам үш кіші отбасы мүшелері жасы үлкен жанұяларға кіріп, көрісіп шығады. Бұл жоралғы жыл үйдің есігін ашу керек, яғни түске дейін үш үйге кіріп, көрісіп үлгеруі керек. Бұл жоралғы жыл бойы балаларымыз ток жүрсін, дастарханымыз аралас болсын, қарым — қатынасымызға сызат түспесін деген ниеттен тартылыш отыр.

— Ауыл әжелерге көрістің бе, балам?

— Иә, әже, көрістім. Төлен атамдарға да кірдім.

— Жиенғали жезделерін де осы жаңа көрісіп шықты. Соларға бара ғой, құлымым. Түс болыш қалды, үш үйдің есігін ашуға үлгермей қаларсың...

— Пәлі, әлгі Төлен кіріп шықпады. Жолым кіші демейді бұлар.

— Жә, бүтін келмесе, абыр — сабыр боп үлгермеген шыгар, ертең кіріп көрісер...

Бүгінгі күні Қазақстанның батыс аймағына берік орнықкан бұл дәстүр жыл сайын жергілікті халық сағына күтетін бірден — бір салт болыш отыр. Бұл күні бауырсақ, тәттілерді оқушылар мен мұғалімдер мектепке де апара береді. Көрісіп болған әр адамға тамақ үйлестіріліп, «Бір жасыңмен!» деген тілек айттылады.

14 наурыз күні басталатын Көрісу мейрамы жыл бойы жалғасын табады. Көрісуде ауылда болмай, ауылға енді келген адамды көрген кезде, амандық — саулықтан кейін «Бір жасыңмен!» деп қол алысусымыз керек.

Шаттық пен қуанышқа, ақ бата мен молшылыққа толы бұл мерекеде мәре — сәре болған жұрт осы карқынмен Жаңа Жылы — 22 наурыз мерекесін қарсы алады..

Ақ тілек бейбітшілік аман болсын!

Елім, жұрттым қадірлі аман болсын!

Тұғандай бір анадан жамағаттар

Достыққа берік, мықты адал болсын!

Наурыз мейрамы күттүй болсын!

Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!

Жүргізуши:

Би: қыздар «Қазақ би»

Өлең шумактар: Гүлмира, Балжан, Жақсылық, Бекзат.

Ән: Арзықұл Назерке «Әке»

Хор: қыздар «Қазақы дастархан»

Осымен құрметті қонақтар! Бүгінгі амал мерекесіне арналған тәрбие сағатымыз аяқталды.

Назарларыңызға көп рахмет. Сау болыңыздар!



Түркістан облысы Келес ауданы

№28 «Макташы» жалпы орта мектебі КММ

## *Тәрбие сағаты*



*Тақырып: Сәлемдесу-әдептілік белгісі!*

*Сынып жетекшісі: Ералиева Сауле*

*Сынып: 5 «Ә»*

*Құндылық: әдептілік, сыйластық, улkenge- құрмет, кішіге-ізет*

*2023-2024 оку жылы*

## Сәлемдесу-әдептілік белгісі!

### Тәрбие сағаты!

Мақсаты:

1. Оқушыларды әдептілікке, адамдармен қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелу. Бабалардан қалған ұлагатты, гибрат аларлық сөздерді балаларга ұғындыру.
2. Халықтың салт-дәстүрімен таныстырып, өз халқының дәстүрі мен салтын, мәдениетін, әдем-ұрпын үйрете отырып, бойларына сіңіру.
3. Оқушыларды қазақ халқының сәлем беру, сәлем алу, сәлемдесу рәсімдерін айтуда арқылы «Алыстан сәлем береді, әдепті елдің баласы» атты нақыл соғын негізінде тәрбие беру.

Сабактың әдісі: Сұрақ-жсауап, әңгімелесу, әдеби монтааж.

Сабактың көрнекілігі: Нақыл сөздер жазылған плакат, «Сәлем - әдептілік белгісі», «Алыстан сәлем береді, әдепті елдің баласы» атты қабырга газеттер. Оқушылар шығармашылығынан көрме.

#### I. Ұйымдастыру бөлімі

Мұғалім: Халықтың педагогика – кешегі откен қариялардан, ғұлама ойшылдар, шешен билерден, ақын-жыраулар мен сал-серілерден мұра, мирас болып қалған ұлы тәрбие құралы болып табылады. Ол болашақ ұрпақты өмір суруге тәрбиелейтін тәрбие кітабы. Тәрбие тамыры қазақ халқының қаны мен жасында.

Бүгінгі біздің тәрбие сағатымыз «Сөз аласы – сәлем» деп аталуы тәрбие көзі сәлемнен басталатынын балаларга түсіндіру болмақ. Оның ішінде ең адамға керектісі ата дәстүрі деп ойлаймын. Сәлем беру, сәлем алу сияқты қасиетті сөздермен танысып, оның мән-магынасын жесте ұғыну болып табылады.

1-окуши: Сәлем әдептілік белгісі.

2-окуши: Сәлемнің сәлемдесу, сәлем беру, сәлем қылу сияқты қолпеген түрлері бар.

3-окуши: Сәлемдесу – кездескен адамдардың бір-біоінің амандығын біліп, қуанышқа боленуі. Бір-біrine аман-саулық тілеп, тілектестігін, ниеттестігін білдіру, әдептілік пен ізеттілік нышанын көрсетіп, жақсылыққа жарылқауы.

4-окуши: Әрбір адам «қайырлы таң», «қайырлы күн», «қайырлы кеш» деген сөздерді амандауса қосып, тәуліктің үш мезгілінде де бір-бірімен ақ жарқын амандауса тиіс.

5-окуши: Амандасу – адамгершіліктің, әдептіліктің бір белгісі болып табылады.

6-окуши: Амандақан адам қазақ салтында оң алақанын жүргегінің үстін қойып, басын изейді. Не болмаса қол беріп амандасады.

7-окуши: Сәлем беруде кездесушілер бір-біріне «сәлем» деп қолымен шаралат етсе, ол қазақ халқының әдептілік шаралатына сәйкес келмейді. Ондай сәлемдесу көбінесе Еуропа халықтарында кездеседі.

8-окуши: Үлкен адамга сәлем беру – кіші адамның міндеті. Қазақта «Алыстан алты жасар бала келсе, ауылдағы алпыс жасар қария сәлем береді» деген әдеп бар.

9-окуши: Жасының үлкендігін міндет етпей, алыс жол жүріп келген немесе ауылга алғаш рет ат басын тірекен адамға үлкен адамдар өзі келіп сәлем береді.

#### II. Мақал-мәттел айтысы

Ақсақал: Ассалаумагалейкүм «Алыстан алты жасар бала келсе, ауылдағы алпыс жасар қария сәлем береді» - демекші қалың қалай, балам?

Жігіт: «Келгенше қонақ ұялады, келгеннен соң үй иесі ұялады» деуші еді, келіңіз, төрге шығыңыз, қонақ болып кетіңіз.

Ақсақал: «Қонағын сыйласа, төрге шық» - дегендей төрге шығайын.

Жігіт: «Жат асына қарайды, дос басына қарайды» деуші еді атапарымыз, асқа отырыңыз.

*Ақсақал: Ойбай-ау! «Жаңы ас алғанша, жаман қарын жарылсын».*

*Жігіт: «Досыңың тамагын қасыңдай іши» демекші ала отырыңыз.*

*Ақсақал: Ой, рахмет! «Досы жоқ адам, тұзы жоқ тагам» дейді гой. Алла разы болсын.*

*Жігіт: «Жылқы кісінегенше, адам сойлескение». Осылай таныс-біліс болу да бір ганибет қой ата.*

*Ақсақал: «Мыңның түсін танығанша, бірдің атын біл» дегендей келіп тұрыңыз.*

*Жігіт: Есімім Қайрат. «Көрген жерде ауыл бар» дейді. Дегендей келіп тұрыңыз.*

*Ақсақал: «Қонақта кел демек бар, кет демек жоқ» дейді. Кой қайтайын.*

*Жігіт: «Қонағыңнан алтын алма, алғыс ал», - демекші, жолыңыз болсын.*

*Ақсақал: «Алтыға дейін бала ерке, алпыстан кейін шал ерке» деуші еді атапарымыз, сөзімді көңіліңізге ауыр ала көрмеңіз.*

*Жігіт: «Кәрі, кәрінің сөзі дәрі» дегендей, о не дегеніңіз?*

*Ақсақал: «Таз таранғанша той тарқар». Қайтайын.*

*Жігіт: «Бір ауылда мың туысын болғанша, әр ауылда бір туысың болсын» дегендей келіп тұрыңыз.*

*10-окуши: Алыстан келген адамга сәлем беру тәртібі жасақ, үлкен-кішіге байланысты емес.*

*11-окуши: Халқымызда ақсақалды атаны, ақ жауалықты ананы, ақ шашты әжені, жалпы үлкенді сыйлап, алдынан қия өтпей – ата дәстүріміз.*

*13-окуши: Қарттарга амандаудың қарапайым түрінде қаншама мейірім, қамқорлық, әдемі жарапастық жастыр.*

### *III. Көрініс көрсету.*

*I. Қарт ата мен жас жігіттің сәлемдесуі (Нұртілек, Сәулет)*

*II. Әже мен қызы баланың сәлемдесуі (Аяжан, Анель)*

*14-окуши: Кездесken кезде кіші адам үлкен кісіге сәлем бермей кетсе, ол әдепсіздік, көргенсіздік болып саналады.*

*15-окуши: Сәлем беру – амандық, инабаттылық, көргенділік және мәдениеттілік белгісі.*

*16-окуши: Қазақ халқында егер үлкен кісі кездессе, оны таныса да, танымаса да, кіші адам оған сәлем беруге міндетті, ол әдептіліктің бір белгісі ретінде қалыптасқан дәстүр.*

*17-окуши: Ертеде ауыл сыртында отырган қарияға ат үстінде келе жатқан адам арқан бойы жақындағанда, аттан түсіп, айрықша құрметтеп сәлем беретін болған.*

*18-окуши: Соңғы қалыптасқан дәстүр бойынша сәлемдесуші не сәлем беруші қол алысып амандасады, ұзақ уақыт көріспегендеге қауышып, құшақтасып амандасады.*

*19-окуши: Сәлемдескенде, сәлем бергенде әркім дауыс ыргагына ерекше көңіл аударып, қоныр дауыспен, сыйласымдылық үнмен, аптықпай, салмақпен, әдеппен сөйлеу керек.*

*Мұғалім: «Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергені», деп халқымыз бекер айтпаған.*

*«Не деу керек?» әнін орындау*

*Анаң сенің базардан,*

*Алма сатып әкелді.*

*Ең үлкенін, жақсысын,*

*Саган таңдал аптерді.*

*- Не деп барып жеу керек? Рахмет!*

*Балалар жүр кошеде,*

*Естіледі шу-айқай.*

*Сен де шықтың коршыңді,*

*Қазып кеттің байқамай.*

*- Мұндайда не деу керек? Кешіріңіз!*

*Әжесөн сенің түскі асқа,*

*Қант-кәмпіт салды мол.*

*Жұрттан бұрын ыдысқа,*

*Өз бетіңмен салдың қол.*

*- Жөн еді не айтқаның? Рұқсат па?*

*Осы келген бетіңде*

*Допты қудың, жарыстың.*

*Кошенің сол шетінде*

*Кезікті бір танысың.*

*Не деу керек? Сәлеметсіз бе?*

#### *ІҮ. Қорытынды*

*Көп жасаған қария*

*Ата салты – ардақты,*

*Ақылы теңіз – дария.*

*Әрбір сөзі - салмақты*

*Көп өнеге сөзі бар*

*Сол сөздерді ұқпасаң,*

*Сөзі соқпақ, өзі нар.*

*Тістерсің бір күні бармақты.*


*Мақал-мәттел: (Түсінік беру)*

*«Алыстан сәлем – береді, әдепті елдің баласы»*

*«Сәлем - әдептіліктің белгісі»*

*«Үлкенге құрмет – кішіге міндет»*

*Мұғалім: «Сөз саласын табу қын емес, Анасын табу қын», - деп Жамбыл атамыз айтқан екен.*  
*Ендеше, «Сәлем – сөздің аласы, білгені жон әр қазақтың баласы».*

Тексерілді:  ДТДЖО: М.Дүйсенов.

## **Жемқорлық**



**«Сыбайлас жемқорлық: қазіргі заманның қасіреті»**

атты тәрбие сағаты

Сынып : 9 Ә

Сынып жетекші: Аскарова Г.

2024-2025 оку жылы

## **Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлық: қазіргі заманың қасіреті » тәрбие сағаты**

Максаты:

1. "Сыбайлас-жемқорлық" деген үгымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлар түсінік қалыптастыру.
2. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу кабілеттерін дамыту
3. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелу. Патриоттық тәрбие қалыптастыру

Көрнекілігі: плакат, кітаптар, видео

Откізуудың нысаны: Тәрбие сағаты

Откізуудың технологиясы мен адістер: Пікірталас, сұхбат, құқықтық ақпарат

Барысы:

1. Үйымдастыру

Көрме үйымдастыру:

«Жемқорлық – гасыр дерті» атты сурет иллюстрациясы

2. Кіріспе сөз: Сәлеметсіздер ме, құрметті ұстаздар мен оқушылар. Бұғынгі тәрбие сағатымыз сыбайлас жемқорлық тақырыбына арналған. Сыбайлас жемқорлық жергілікті проблема болудан калып, үлт шегінен тысқары құбылысқа айналғаны, оның қоғамды және барлық елдердің экономикасын қамтып отырганы белгілі.

Мектебімізде Сыбайлас жемқорлықтың алдын алууды насиҳаттайтын, тәрбие жұмыстарын үйымдастыруға жәрдемдесетін және катысадан «Адал Ұрпак» ерікті мектеп клубы құрылған. Клуб сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім; сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шыгармашылық; мәдени-көшпілік іс-шаралар өткізу бағытында жұмыстарды атқаруда.

**Сыбайлас жемқорлық туралы түсінік беру:**

**«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы» Заңынна сәйкес жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауга үәкілдегік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауга үәкілдегік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызыметтік) өкілдіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе дедалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында зансыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды парага сатып алу деп түсініктеме берілген.**

**1-жүргізуі:** Сәлеметсіздер ме құрметті ұстаздар мен оқушылар. «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» атты ашық тәрбие сағатымызды бастауға рұқсат етініздер!!!

**2-жүргізуі:** тәрбие сағатымыздың максаты оқушыларды адал жолмен жүргүте, адалдыққа үйрету. Сыбайлас жемқорлық туралы қысқаша мағұлматтар беру. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелу.

1 топ: Оң канат – жактаушы және 2 топ: Сол канат-даттаушы пікірталас өткізу. Ең күшті аргументтер көлтірген топ женіске жетеді. Бейнежазба көрсетіледі

**Олай болса 2 топқа тапсырма:** оң канат-«Сыбайлас жемқорлықты қоғамда жою мүмкін» сол канат «Жок, сыбайлас жемқорлықты қоғамда жою мүмкін емес» тақырыбына жақтайдын және даттайтын аргументтер беру тапсырылады.

тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айрылып, 2000 АЕК айыппұл төлеу, 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айрылу немесе шектеу жазалары қолданылады.

**2-жүргізуі:** КР КК 366 бабына сәйкес Пара алғаны үшін мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойынан айрылып, параның 50еселенген мөлшерінде айыппұл салынып, не 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айрылу жазалары қолданылады.

**1-жүргізуі:** Келесі сөзді жактаушы және даттаушы топтардың мүшелеріне берейік.

1 он қанат- жактаушылар (аргументтерін келтіреді)

2 сол қанат-даттаушылар (аргументтерін келтіреді)

#### Келесі тапсырма : жағдайт шешу

Азамат Б. Абай .Мырзахметов атындағы университетінің 4 курс студенті. Оку жылы аяқталуда, алда 8 пәннен мемлекеттік емтихан тапсыруы қажет.

Оның ата-анасы оку үлгерімінің нашар екенін хабарсыз. Баласының жоғарғы оку орнын аяқтап, диплом алып, болашақта үлкен маман иесі болатынына сенімді, үлкен үміт күтеді. Ол емтиханнан 2 рет құлаганнан кейін, Университеттің бірнеше оқытушысының әр қайсысына 30 мың тенгеден пара береді.

1. Азамат Б әрекеті дұрыс па не бұрыс па?

2. Мұндай жағдайда оқытушылардың іс-әрекеті дұрыс па не бұрыс па ?

3. Азамат Б. біреуге пара бергені үшін жауапқа таруға болады ма? Иә болады. Жоқ болмайды.

(Топтар талқыға салады)

**2-жүргізуі:** КР КК 367 бабына сәйкес Пара бергені үшін мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойынан айрылып, параның 20еселенген мөлшерінде айыппұл салынып, не 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айрылу жазалары қолданылады.

**1жүргізуі:** КР КК 368 бабына сәйкес Парапорлықка делдал болғаны үшін мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойынан айрылып, параның 10еселенген мөлшерінде айыппұл салынып, не 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айрылу жазалары қолданылады.

#### **Г. Аскарова «Ой жалғау»**

1. Заның құрығы ... (бәрінен ұзын)

2. Өш алғаннан гөрі ... (кешірген жөн)

3. Ақырын жүріп .... (анық бас)

4. Асыл тастан ... (өнер жастан)

5. Тура биде... (тұган жоқ)

6. Хан болсын, ханға лайық ... (Зан болсын )

7. Батыр болсын, жорық жолы... ( макұл болсын )

1. Ұрлық түбі ... (корлық)

2. Жазасын тартпайтын ... (жамандық жоқ)

3. Әдепті бала ... (арлы бала)

4. Тәрбие ... (отбасынан басталады)

5. Әділ істін...(арты игі)

6. Абыз болсын, абыз сайлау... ( парыз болсын)

7. Би болсын, би түсетін... ( үй болсын )

**2-жүргізуі:** Келесі сөзді жактаушы және даттаушы топтардың мүшелеріне берейік.

1 он қанат- жактаушылар (аргументтерін келтіреді)

2 сол қанат-даттаушылар (аргументтерін көлтіреді)

**Литмонтаж**

1-окушы

Жамандыққа тоқсауылды қояйық, Пара алғанның жолы жабық қой анық, «Қазақстан-2050»-айқын жол, Күресейік, жемқорлықты жояйық.

2-окушы

Әр ата-ана өнеге берсін балаға,

Тәрбиесіз шоқ жүлдіздың жанама,  
Адалдыққа, дاناңыққа үйретсөн,  
Жолдаң таймас ар болған соң санада.

3-окушы

Пара алғандар темір тордан әрі асар,  
Алса да оны мойындармай санаасар,  
Беделі кетіп, қайыры қашып ортадан,  
Мәнді өмірі енді қайтіп жарасар.

4-окушы

Қазак елі байтақ болсын десеніз,  
Жемқорлықтың жолын бірге кесеміз,  
Сонда ғана жер гүлденер, ел байып,  
Сонда ғана шарықтаймыз, өсеміз.

5-окушы

Егеменді өсер елде тұрам Мен,  
Білдіремін сезімімді жыр-әнмен.  
Жолыменен Елбасының жүрейік,

Сабакты корытындылау: Г. Аскарова

Ел болып енсемізді көтеріп, тәуелсіздігімізді алып, барша әлемге танылдық, мемлекетіміздің тамыры тереңге тарап, нығая түсіне бағытталған құқықтық заннамалар қабылданды, ел экономиясы мен әлеуметтік жағдайымыз түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнымызды айқындастық. Қоғам дамуының жаңа жолын таңдаپ, уақыттан туындаған әр түрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойдық. Ол жол – Президентіміз Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастауымен алға қойылған сыйайлас жемқорлықпен күрес жолы.

Құрметті окушылар әрқашанда адамдық жақсы касиеттерді сактап, мақсатты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктерімізді пайдалануға тырысайық.

Патриоттық ән . Атамекен орындалады.

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚКА ЖОЛ ЖОК!







Тексерілді:

ДТДКО: М.Дүйсенов.



## «Ұстазым, саған мың алғыс»

атты тәрбие сағаты

Сынып : 9 Ә

Сынып жетекші: Асқарова F.

2024-2025 оку жылы

# «Ұстазым - саған мың алғыс»

атты төрбие сагаты

1 — окушы:

Салем бердік ұстаздар баршаңызға,  
Сілдермен тола берсін ортамызда.  
Бүтінгі ед басқарған азаматтар,  
Білім алған сілдердің арқаңызыда.

2 — окушы:

Бүтінгі күн құшактарын гүлге толсын,  
Дендеріңің саулығы мықты болсын.  
Білімменен суарған шекірттерің,  
Төл мерекең ұстаздар құтты болсын!

3 — окушы:

Ұстаздарым биік тұлға байсалды,  
Құшак жайып өз мерекең қарсы алды.  
Куанышты жарқын тілек білдіріп  
Құттықтаймыз, ұстаздарым баршаңды.

4 — окушы:

Ұлы әмірге жетелеп,  
Анкан білім есігін  
Күрметтейік мәнелеп  
Ұстаздардың есімін.

5 — окушы:

Келешекке алтын бақ,  
Қосар таудай үлесін.  
Жасай берсін жарылдан,  
Ұстаз атты ұлы есім.

6 — окушы:

Ұстазының түсінген сен теренин

ағайды шақырамыз!

2 — жүргізуші:

Айта берсек ұстазға тіл жетпеген.

Кімге ұстаз білім нөрін төкпеген?!

Айтыңдаршы, адам бар ма өмірде,

Ұстаздарға қарыздар боп өтпеген?

Ұстаздар, ұлағатты зиялыштар,

Сендерде ғалымдардың киялы бар.

Ағайын, тойларыңа тарту етем,

Шекірттердің сәлемін қабыл алыңыздар!

### Ән «Алтын ұя мектебім»

1 — жүргізуші: Үрпаққа айтар ақылы, көрсетер өнегесі бар, аналық, әкелік сезімнің, дана ойдың ыстық лебі бар аға үрпақ өкілдері, мектептің жүрегі ардагер ұстаздарымыз ортамызда отыр.

2 — жүргізуші: Сағыныш сазы толқытқан,

Арнамақ сөздің мәйегін.

Шекірттерін оқытқан,

Келіп тұр жолдап сәлемін

«Ұстазым» әні орындаитын Молдабекова Балжан

1 — жүргізуші: Құрметті қонақтар, сіздер салып кеткен сара жол — ұстаз жолы — ұлы жол. Өткен жолдарыңызға көз жіберіп, еске ала отырып, өздеріңізге бірнеше сұрақ қоюға рұқсат етіңіздер.

1 — қонаққа сұрақ: Ұстаздық өмірге қалай келдіңіз? Жүрек қалауымен бе, әлде осы мамандықты таңдауға себепші оқиға немес бір жағдай болды ма?

2 — қонаққа сұрақ: «Ұстаз болу жүректің батырлығы» дейді, осы ұстаздық қызметті таңдауда батырлықпен қандай қасиет адам бойынан табылу керек деп ойлайсыз?

3 — қонаққа сұрақ: Кешегі өзіңіз еңбек еткен мектебінізден қандай өзгерістерді байқадыныз?

Мектебіңізге айтар тілегініз?

Сіздерге көп рахмет, аяулы да мейірбан ұстаздар.

2 — жүргізуши: Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындастып, тәлім — тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт — бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Эй ақымықтық деймін біз осы асыл жандардың қадірін түсінбей жататын кездерімізде болады. Олай болса, осы тақырыг аясында дайындалған музыкалық қойылымымызды бірге тамашалайык!

### **«Мың алғыс саған ұстазым»**

1 — жүргізуши: “Ұстаздық — ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді. Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауга міндептіміз” — деген Бауыржан Момышұлы.

Олай болса, аяулы ұстаздарымыздың қадіріне жетіп, ардақтай білейік достар!

2 — жүргізуши: Шәкіртер санасына сәуле шашып, шырақ отын маздатқан ұстаздар қауымына ақ лебіз, жылы тілегін білдіру үшін ортамызға Кесіп одақ үйімінің тәрағасы Маржанғул Сағиданқызын шақырамыз.

1 — жүргізуши: Тәтті әуен бағаланса, балдан нәрі, Өнердің асулары алда әлі. Өнерге іңкәр етіп қояр жанды

#### **Ән «Мектебім»**

2 — жүргізуши:

Ұстаз — шәкірт алдында сыйлы адам. Ұстаз жайлар айттылар сыр да, жыр да көп. Ұстаз сенімін ақтау — адамгершіліктің белгісі. Мұғалімнің жүрегі соғып тұруы үшін: жауаптылық, қажырлылық, білімділік, жүректілік, сүйіспеншілік, сабырлылықкерекекен.

(баяу музыка ойнап тұрады)

1 — жүргізуши: Қымбат, мен саған жұмбақ жасырайын? Шешіп көрші

2 — жүргізуши: Жарайды жасырып көр, кәне

1 — жүргізуши: Жылдың ең қысқа күндері.

2 — жүргізуши: Каникул

1 — жүргізуши: Оқушылардың үлкендерге көп көрсете бермейтін құпиясы

2 — жүргізуши: Күнделік.

1 — жүргізуши: Бақылау жұмысында дәптеріне жазғандарын бақылатып отыратын я қыз, я ұл.

2 — жүргізуши: Дос

1 — жүргізуши: Үзілісті зарықтыра күттіретін 45 минут.

2 — жүргізуши: Сабак

1 — жүргізуши: Әжеме айтатын басты сылтауым.

2 — жүргізуши: Спорт секциясы

1 — жүргізуши: Қыздардың негізгі қаруы.

2 — жүргізуши: "Апайға айтам"

2 — жүргізуши: Әрине бұның бәрі әзіл.

Бірге өсіп, ен жайлаған ұл менен қыз,

Асыға сәлем жолдап жүректен біз.

Тәтті күй, асқақ ән мен әсем биді,

Сіздерге тарту етіп ұсынамыз.

**«Тренд» биі 8 ә-сынып қыздарының орындаудында.**

1 — жүргізуши:

Мұғалімнен өнеге — білім алып, өмір теңізіне құлаш үрған кез — келген шәкірт ұстазымен мақтанады. Ұстаз «Мектептің жүргегі», «Бала жанының бағбаны»,.....

2 — жүргізуши:

Иә, бұл мектеп мұғалімі — ұстазға арналған теңеулер. Мұндай мадақтауларды жалғастыра берсек, даналық сөздер тізбегі шексіздікке ұласады. Құрметті ұстаздар сіздердің тағы бір мәрте мерекелеріңізben шын жүректен құттықтаймыз!

Келесі әсем ән сіздерге арналмақ, қабыл алышыздар!

**8. Хор. «Ұстазым»(Көнілді әуен, сахнаға барлық оқушылар шығады, олар ұстаздарға біркелкі бас иеді)**

1 — жүргізуши: Аса құрметті ұстаздар қауымы, сіздердің тағы да мерекелеріңізben шын жүректен құттықтап, сіздерді егеменді еліміздің өрелі де, өнегелі перзенттерін тәрбиелеуде қажырлы қайрат, еңбектеріңізге жеміс тілей отырып, мың алғысымызды айтамыз. Білім шаңырағы — алтын үя мектебіміздің шәкірттері еліміздің түкпір — түкпірінде, ел игілігі үшін жемісті еңбек етсін! Келесі кездескенше сау — саламатта болайық.

**«Ұстаздар күні» мерекесіне ұстазыңызға немесе әріптестеріңізге ерекше сыйлық жасаңыз!**



Тексерілді

ДТДКО:  М.Дүйсенов

## Ашық тәрбие сағаты

Тақырыбы: Қазақ елі менің Отаным



Сыныбы: 5"В"

Сынып жетекшісі: С.Саутова

2023-2024 оқу жылы

## «Қазақ елі менің Отаным»

Ведущий 1: Армысыздар, күрметті үстаздар мен оқушылар, бұғынгі мерекеміз Республика күніне ариалған, кешімізді ашық дең жариялаймыз!

Қайырлы күн, күрметті достар!  
Республика! Еркіті ел Қазақстан!  
Келді ақыры көткен күткен жаз алыстан,  
Келді аңсатын, алыстатьн, армандастын.  
Гиорды бұзған, мен де бір аз арыстан

Ведущий 2: Добрый день, уважаемые учителя и ученики!

Сегодня мы собрались в наш прекрасный зал

Отметить праздник светлый

Страны великой нашей Казахстан!

Звучит гимн РК

Одновременно показ слайдов (президент, текст гимна)

Ведущий 1: 1990 жылдан бастап қазаниң 25-сі – Республика күні. Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Қазақстанды әлемнің жүзден астам елі таниды. Біздің еліміз дүние жүзіндегі ең ірі мемлекеттермен жан-жақты карым – қатынас жасайды.

Ведущий 2: 25 октября 1990 года была принятая декларация о государственном суверенитете. Впервые мы получили возможность строить действительно независимое государство, всему присущими ему атрибутами. Казахстан стал подлинно независимым суверенным государством и в этом качестве стал полноправным членом Содружества Независимых Государств и мирового сообщества.

Мы являемся современниками и творцами исторических событий происходящих на нашей древней земле. Провозглашение Декларации о Государственном суверенитете, рождение и становление республики Казахстан стали самыми значительными явлениями нашего времени, которые еще будут по достоинству оценены будущими поколениями.

Стихотворение на каз. языке «Туган өлкем».

Когінде күн шұрын токкен,  
Жерінде гүл жұпар сепкен.  
Неткен сұлу, неткен көркем,  
Осы менің туган өлкем !

Алтын дәнді даласы бар,  
Ақ күмістей қаласы бар.  
Неткен сұлу, неткен көркем,  
Осы менің туган өлкем!

Ер сибеті шалқып, тасқан.  
Ел еркіндей бақыт тапқан.

Неткен сұлу, неткен көркем,  
Осы менің туган өлкем!

Ведущий 1: 1992 жылы 4 маусымда біздің мемлекетіміздің тарихына алтын тармак ретінде кірді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне мыналар кіреді: Ту.Елтанба. Әнуран.

Ведущий 2: 4 июня 1992 года – эта дата золотой строчкой вошла в историю нашей страны. Приняты государственные символы Республики Казахстан событие закрепившее появление на политической карте мира нового независимого государства. Флаг, герб, гимн незря называют атриутами государственности. Обретя государственные символы, Казахстан окончательно утвердил новые причины своего дальнейшего развития. Вот как сказал об этом президент: «Это свидетельство окончательного поворота республики к построению демократического и правового государства, к созданию нового общества, основанного на принципах суверенитета личности, единства его этнически многообразного народа».

Сопровождение слайдами: карта мира, символика.

Стихотворение «Казахстан»  
Мой Казахстан, ты Родина моя!  
Всем сердцем я люблю тебя.  
Всегда ты дорог мне в любые времена.  
Люблю тебя моя страна.  
Много на свете различных степей,  
Но казахская степь всё ж красивей.  
Много на свете разных стран,  
Но лучше всех наш Казахстан!

Сопровождается слайдами: природа Казахстана

Танец «Күзгі жел».

Ведущий 1: В Казахстане живут представители 120 национальностей. Численность Казахстана составляет 16 млн. человек. Казахская пословица гласит: «Сила птицы - в крыльях, сила человека – в дружбе». Казахи – коренной народ Казахстана. Казахский народ отличается древней, самобытной культурой, верностью обычаям и традициям, музыкальностью, гостеприимством.

Ведущий 2: Родина – это земля, на которой родился и вырос человек. Как не бывает птицы без неба, горы, без вершины, так и не бывает человека без Родины. Для всех нас Казахстан – наша Родина, и нам нужно знать историю своей страны, помнить о ее корнях, так как любое дерево крепко своими корнями, как бы свободно не простирались его ветви. Воистину, прав тот, кто сказал: "Если талантлив народ - богата земля." У казахов есть такие пословицы:

"Гость на пороге - счастье в дом",

"Когда желанный гость, овца двойню приносит!"

Сопровождается слайдами: обычаи и традиции казахского народа, убранство юртыё

### Стихотворение «РОДИНА МОЯ КАЗАХСТАН»

Там лазурное небо и снежные горы,  
Бескрайних полей золотые просторы,  
Закаты, как в сказке, и звездные ночи,  
Рассветы ясны, как красавицы очи.

Там вольные ветры и быстрые реки,  
Яркое солнце, широкие степи,  
Манящие тайной святые озера  
И лоз виноградных витые узоры.

Там разные нации в мире живут,  
Там вечные ценности – знания, труд.  
Самая лучшая ты на земле  
Родина - матушка - слава тебе!

Спросите где это, и я вам отвечу!  
Краткой, но убедительной речью:  
"Осы маған ұлы Отан,  
Қасиетті жер Қазақстан!"

Песня «Храни земля»

Ведущий1: Биылғы жылы біз Павлодар облысының 70 жылдығын атап өттік. Осы уақыт аралығында сан қылыш асуладар артқа тастап, белестерді бағындырған облысымыз күннен-күнге көркейіп, даму үстінде. Тұған жеріміздің төсінде небір қоғам, өнер қайраткерлерді туып өсіп, еліміздің игілігі үшін тер токті.

Ведущий 2: В Казахстане 14 областей и среди них наша Павлодарская область, которая в этом году отметила свое 70-летие.

Песня: о Павлодаре «Кереку»

Ведущий1: У каждого человека есть родина. Свет, отчего дома и тепло родного очага согревает человека и освещает его путь всю жизнь. И сколько бы ,нам не было лёт, наши воспоминания всегда связаны с отчим домом и краем, где родился и вырос человек.

(Гульжакон 5 «А»)

Қазақстан – туган жерім, мактандышым,  
Өзің жайлы қанша жырды жаттадым  
Ертендеге шақырады еріксіз,  
Әр күн күліп атқан таң тақым.  
Қазақстан – туган жерім, мактандышым,  
Жемістерін ұсынады бақтарын,  
Одан сайын даңқы өтті әлемге,  
Байқоңырын, ең байлығын, ақ наның.



Түркістан облысы, Келес ауданы  
№28 «Мақташы» жалпы орта білім беретін мектебі  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

# Тәрбие сағаты

Сабактың тақырыбы:  
**«Өнегелі отбасы-қоғам  
байлығы»**

*Сынып жетекшісі : Данабай Фариза Құдайбергенқызы*

**2023-2024 оқу жылы**

Шекспирдің: Оноғай Нұржанов.

**Сабактың тақырыбы: «Өнегелі отбасы-қогам байлығы»**

Күні: 22.12.2023ж

Күнділік: сыйластық

Касиеттер: мейірімділік, татулық, ақылды тыңдай білу

Мұғалімі: Данабай Ф

Сыныбы: 7 «б»

**Сабактың мақсаты:**

Оқушылардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту.

**Міндеті:**

- Ақылды тыңдай білудің өмірдегі маңыздылығын түсіндіру.
- Ақылды тыңдай білу іскерліктерін дамыту.
- Ақыл, өнеге, өснеге тыңдауға, бағалауға тәрбиелеу.

**Сабактың түрі:** жаңа сабак.

**Сабактың типі:** білімді жинақтау, жүйелеу сабагы.

**Әдіс – тәсілдері:** түсіндіру, әңгімелдеу, ой қозғау, талдау, оқы, жұптас, талқыла, сұрақ – жауап т.б

**Сабактың көрnekілігі:** дәптер, оқулық және т.б.

**Сабак барысы:**

Сабак бөлімдері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Қолданған әдіс тәсілдер
Ұйымдастыру кезеңі	<p>Амандастып оқушылардың көніл күйін сұрау, сабакқа дайындау</p> <p>Психологиялық дайындық:</p> <p><b>«Нұрга бөлену»</b></p> <p><b>Мозайка әдісі.</b></p> <p>Әр түрлі қима қағаздардағы суреттерді тандау арқылы 3 топқа бөлінеді.</p> <p><b>1-top: Улken отбасы</b></p> <p><b>2-top: Әдепті отбасы</b></p> <p><b>3-top: Өнегелі отбасы</b></p> <p>Алтын ережемен таныстырады.</p> <p>Смайліктер арқылы бағалап отырады.</p>	<p>Қима қағаздағы суреттер бойынша топқа бөлініп отырады.</p> <p>Суреттерді құрастырады.</p> <p>Көшбасшы сайлайды.</p>	<p>«Нұрга бөлену»</p> <p>Мозайка әдісі</p>
Үй тапсырмасы	<p>«Кім жылдам?»</p> <p>Пысықтау сұрақтары.</p> <p>1. Адамдармен қалай тез тіл табысуға болады?</p> <p>2. Коршаған ортамен қалай қарым-қатынас жасауға тиіспіз?</p> <p>3. Адам өз өмірін жалғыз өткізе алама?</p> <p>4. Өзгелермен қалай қарым-қатынас жасайсын?</p> <p>5. Адамның шын ықыласпен істеген іс-</p>	<p>Балалар сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>«Кім жылдам?»</p>

	әрекеттері қандай сезім тудырады? 6. Сүйіспеншілік сезімдерінді қалай білдіресіндер? Кімге? Неліктен?		
Дәйектөз	«Ата- ананың ақылы – Сайрап жатқан жолмен тең. Ақылдының ақылы – Сарқылмайтын көлмен тең.» деген халық мақалына ой пікірлерін айтуды тапсырады.	Балалар ойларын айтады.	Дәйектөз
Жаңа сабак	<p><b>«Ой-қозғау »</b></p> <p>1. Отбасы дегенді қалай түсінесіндер? 2. Сенің отбасында қанша адам бар? 3. Сенің отбасың үлкен бе? 4. Сенің ата- анаң қайда жұмыс істейді? 5. Сенің атан, әжең бар ма? 6. Жан ұядағы адамдар бір біріне қандай болу керек?</p> <p><b>Оқып, жұптасып, талқылауға тапсырма береді.</b></p> <p>Мәтінмен жұмыс. (әр топқа мәтін таратылады)</p> <p>1-топ: Қорада малың болсын, көшеде талың болсын.</p> <p>2-топ: «Отбасы татулығы» аныз-әнгіме</p> <p>3-топ: Туыстық атаулар.</p>	Топ мүшелері сұрақтарға өз ойларын айтады.	«Ой- қозғау»
Шығарма шылдық жұмыс Топтық жұмыс	<p><b>1-топ:</b> Отбасы туралы мақал-мәтел</p> <p><b>2-топ:</b> «Мениң отбасым» шағын шығарма</p> <p><b>3-топ:</b> Әке көрген оқ жонар, Шеше көрген тон пішер (өз ойларынды ортага салындар)</p> <p><b>Қорытындылау</b> Бізге үлгі- өнеге болатын үлкендердің, даналардың ақыл өситеттерін, даналық сөздерін тыңдаң, оларды өмірде қолдана білсек, өмірден өз орнымызды нақты таба аламыз. Соңдықтан қолымыздан келгенше үлкендердің кеңесін, ақылын құлақ түріп, тыңдаған жөн.</p>	Мақал-мәтел айтады Оқушылар жұмысты жеке орындаиды, топпен ақылдасады, әр топтан екі оқушы жауап береді. Көрініс қояды.	Дәптермен жұмыс

<i>Сабак ты бекіту</i>	«Отбасы» сөзін топтастыруды тапсырауды	Топ мүшелері өз ойларын плакатқа суреттеп, талқыладап қоргайды.	
<i>Рефлек сия</i>	Не білдім? Не ұнамады? Бұғінгі сабактан алған әсерім.	Стикерге ойларын жазып алма ағашына іледі	Алма ағашы
<i>Топпен ән айту</i>	«Ана» туралы ән	Балалар әнді орындаиды.	Баяу әуен
<i>Үйге тапсыр ма</i>	«Әкем әнін» әнін жаттап келу	Үй тапсырмасын күнделіктеріне жазып алады.	

**ТӘРБИЕ САҒАТЫ:** *Денсаулов*

**«Адалдық адамдықтың белгісі»**



**Сынып:6 «Ә»**

**Сынып жетекшісі: Джуматова Улжан**

Анып: 6 «Ә»  
Сынып жетекшісі: Джуматова Улжан  
Адалдық адамдықтың белгісі

Тақырыбы: «Адалдық адамдықтың белгісі»

Тәрбие сағатының мақсаты: Оқушыларға адалдық, шындық туралы түсінік  
Оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді үялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды  
т. б. адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету. Бірін - бірі сыйлап, мейіріммен қарауға тәрбиелу.

Міндеттері:

1. Оқушыларға дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым - қатынасын нығайту.
2. Оқушыларды адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелу, өзімшілдіктен, меммендіктен тағы басқа жаман әдептерден аулақ жүргүге үйрету.
3. Оқушылардың адамгершілік қасиетін, бір - біріне деген достық сезімдерін нығайту.

Ресурстар: Ұлы адамдардың ойлары, нақыл ұлағатты сөздері, дос туралы мақал - мәтелдер, суреттер

Тәрбие сағатының түрі: дамытпалы саяхат сабак.

1. Ұйымдастыру
2. Кіріспе

Мұғалім сөзі: - Сәлеметсіздер ме құрметті оқушылар мен үстаздар! Бұғынгі ашық тәрбие сағатымызды ашық деп жариялаймын.

Бұғын біз әдептілік, адалдық, адамгершіліктің асыл қасиет екені туралы пікірлесіп, өз ойларымызды ортаға саламыз. Олай болса АДАМ!

Адам баласының бойында жақсы да, жаман да қасиеттер болады екен. Бізге ақылдылықты, адалдықты, қарапайым - кішіпейілділікті, инабаттылықты, шыншылдықты ұлkenдер үйретеді. Ол - біздің ата - анамыз, ақсүтін бере отырып, ана тілімен үйретеді. Біз оны түсініп, ата - баба салт, әдептерін үйренеміз. Адам болатын адамгершілігі бар бала - барлық жақсы қасиеттерді үйреніп, жаман мінез әдептерден, ұнамсыз қылыштардан аулақ болуға тырысуы керек. Адамның адамгершілік, адалдық, саналылық дәрежесі – оның тәртібі мен іс - әрекетін анықтайтыны әлдеқашан дәлелденген.

Адамның бойынан адамгершілік қасиеттер табылса, әрине сымбатты, парасатты көрінеді.

Адамгершілік – адамның асыл қасиеті. Жүсіп Баласағұн адамгершілік пен инабаттылықтың төрт қасиетін 6600 тармақтан 72 тараудан тұратын “Құтты білік” дастанында көрсетіп берді.

Шығыстың ұлы ғалымы әл - Фараби: Жас жеткіншектерінізден көрсетіңіз, мен сіздердің болашақтарыныңзды айтып берейін деген екен.

Бұғынгі адамгершілікті, адалдықты сендер қалай түсінесіңдер, әдеп - нормаларын білесіңдерме, озара пікірлесіп ой бөлісеміз.

Мұғалім сөзі: Балалар, сіздер дос болу, адалдықтың деген не екенін білесіздер ме? Әрине, білесіздер, дос болмайтын ешбір адам болмайды, иә?! Ендеше осы сыныпта дос бар ма екенін дәлелдейік, ол үшін қазір біз 2 - топқа бөліп, дос туралы пікір таластырамыз және өз күшімізді тексерелік.

- 1 - Топ.«Татулық»
- 2 - топ. «Сыйластық»

1 - арал.

Сұрақтар:

Адал достық дегенде неңі түсінесіндер?

Сендердің де адал достарың бар ма?

Сенің адалдыққа деген сенімін қандай?

«Адалдық – адамшылық бастауы» дегенді қалай түсінесіндер?

«Адалдық – адамшылық бастауы» дегенді қалай түсінесіндер?

«Адалдық, кеңпейілділік, ақкөңілділік, шынышылдық» ұғымдарымен қатар жүре ме? Неліктен?

«Адалдық, кеңпейілділік, ақкөңілділік, шынышылдық» ұғымдарымен қатар жүре ме? Неліктен?

Мұғалім

Адалдық – адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі.

“Адалдық” деген сөз шынышылдық, айнымастық, шын берілгендей сияқты иғі қасиеттерді еске салады. Қазақ “Адалдық” деген сөз шынышылдық, айнымастық, шын берілгендей сияқты иғі қасиеттерді еске салады. Қазақ пайымында адам бойында адалдық – пәктік, ар – ұждан, жан тазалығы. Адал дос дегеніміз - өтірік айтпайтын, шындықты жақтастын, досын ешқашанда үятқа қалдырмайтын, барлық уақытта қандай жағдай болмасын қол үшін беріп көкмектесетін, қашан да қасынан табылатын, барын бөлісетін нағыз жолдас.

Мұғалім. 2 - арал. Адамгершілікке байланысты проблемалық жағдаяттарды шешу үшін саяхатқа шығу ойынын ойнайық. Елімізде үлкен қалалар бар:

Астана, Алматы, Ақтау, Жезқазған, Қекшетау, Ақтөбе, Семей, Павлодар, Атырау, Қызылорда т. б.

Ал, балалар, өздеріңе қай қалалар үнайды? Үнаған қала аты жазылған қима қағазда сұрақ бар. Соған жауап беру керек.

Сұрақтар:

– 1. Мектептен үйге қарай жүгіріп келе жатқанда, алдыңнан бір үлкен кісі шықты. Сен не істер едің?

– Үлкен кісімен амандастып жол беремін.

– 2. Өзіңнен үлкен кісілер әңгімелесіп отырған кездे сен не істеуің керек?

– Үлкендердің әңгімесін бөліп, сөзге араласуға болмайды.

– Егер тығыз шаруам болса, «кешіріңдер» деп айттар едім.

– 3. Көшеде біреу жөн немесе жол сұраса не істер едің?

– Асықпай түсіндіріп беремін.

– 4. Автобуста, қоғамдық орындарда егде адамдарды көрсөң не істеген жөн?

– Үлкен кіслерге әрдайым орын беру керек.

– 5. Үлкен кіслермен қалай сейлесу керек?

– Үлкен кісімен «Сіз» деп сейлесу керек.

– 6. Әдептілік деген не?

– Адамдардың жүріс - тұрысы мен өзара қарым - қатынасының ережелері.

- 7. Ата - ананың теледидардан қарайтын бағдарламасы сенің қарайтын бағдарламаңмен бір уақытта келіп қалды делік, сен оны үзбей қарайсың. Бірақ өкінішке орай екеуі екі арнадан беріледі. Сен қандай шешімге келер едің?

- 8. Құрметті досым! Партада менімен бірге бір бала отырады. Ойнап - ойнап тапсырмасын орындаамай, жазбай келеді. Мұғалім сұрағанда қысылады. Сабакты менің дәптерімнен көшіріп алады.

Мен бермесем, «Сен сараңсың»- дейді. Мен не істеуім керек?

9. «Жалғастыр»

«Не істеуге болмайды?».

- Үлкендердің алдынан..... (кесіп өтуге болмайды.)

- Кішкене баланы.....(жылатуға болмайды.)

- тарды.....(атуға болмайды.)
- Қызыбаланы.....(ренжітүге болмайды.)
- Сабактан.....(кешігуге болмайды.)
- Сыныпта.....(айғайлауға болмайды.)

10. «Не істеу керек?»

- Үлкен кісіні.....(сыйлау керек.)
- Үлкеннің тілін.....(алу керек..)
- Үлкендерге.....(сәлем беру керек.)
- Кішілерді.....(қамқорлау керек.)
- Оқу құралдарын.....(күтіп ұстау керек.)

3 - арал. Шығармашылық жұмыс, топтық жұмыс  
Берілген суреттерден коллаж жасау. Яғни суретте не көріп тұрсыздар соған байланысты мақал - мәтелдер, нақыл сөздер жазу.

Ана айты бір өситет баласына  
Бір жолдың шығарып сап саласына.  
Ей, балам шамаң келсе жақсылық,  
Ақпейіл адамзаттың арасына.

Егерде жол үстінде тікен жатса,  
Кірер деп аяғына біреу басса,  
Ерінбей - ақ иіліп қолыңменен  
Сол тікенді көтеріп алып таста.

Бұл еңбегің қалмасты басқа, бекер  
Соны көрген соңғы жас солай етер.  
Жақсы үлгіні жалпы жұрт дәстүр жасап,  
Жол тазарып жолаушы жолдан өтер.

4 - арал. «Досым саған арнаймын»

Достыққа байланысты ақын - жазушыларымыздың өлеңдерін айтуды.

М. Мақатаев

Досым, саған сенемін. Сеніп өтем!  
Жолы бөтен демеймін, жөні бөтен.  
Достық деген — адамның көрігі екен,  
Достық деген адалдың серігі екен.

Достарың көп пе?  
Апырау неткен жақсы едің?  
Досым аз менің...  
Досым - ау менің, тапшы емін?  
Достарыңменен достастыр мені, асылым,  
Достастыр мені?  
Болайын құлың нақ сенің!  
Дос болам десен,  
Досымды сыйла, қымбаттым!  
Досыңа сонда,  
Досыммен ғана қымбатпын.  
Дос болам десен,  
Мендеңі доспен достасқын,

Сендергі доспен дос болып сонда тұрмақпын.  
Дос жүргіш шар айна,  
Сылтауыңа қарай ма,  
Бұлдіріп алма қалайда,  
Кір шалдырма жарай ма!  
Шимайланса шар айна,  
Жанарды тартар жалтырап,  
Дос жүргегі – бал бұлақ.

5 - арал. Көрініс. Ертегі - Өрмекшінің сотталуы

Адалдық өткелі  
Сөзі: Ақмарал Леубаева Әні: Жарылқасын Дәulet

Сүйетініме шүбәм жоқ,  
Сүймей ме деген күмән көп.  
Түстім бе деген тұра жол,  
Көрінбейді тұман боп.

Қайырмасы:  
Бақытқа толы мұң - кесем,  
«Жалған» дер дүшпан «шын» десем.  
Қай жаққа болсын кетер ем,  
Қолымнан ұстап «жүр» десен.

Көзінді жұмып тұнығым,  
Соңымнан ерші, құлымым.  
Өзгелер қолы жетпеген,  
Өзіңмен өтсін ғұмырым.

Тағдырға сенбей болмайды,  
Шын бақыт екі қонбайды.  
Адалдық дейтін өткелден,  
Көп адам өте алмайды.

Қорытынды  
Адамгершілік қасиет - жеке адамның басындағы емес, жалпы қоғамның қордалы байлығы.

Адамдық борыш ар үшін,  
Барша адамзат қамы үшін.  
Серт берген еңбек етем деп,  
Алдағы атар таң үшін.

